

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы № 72 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қазандағы № 1089 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 222 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.03.2014 № 222 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссиялар құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы № 72 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссиялар құрамдарына мыналар енгізілсін:

Балқаш көлі, Алакөл көлдер жүйесі, Іле өзені және Қапшағай су қоймасы бойынша:

Жұмажанов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары, төраға,

Әлсейіт - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясының бастығы;

Каспий теңізі, Жайық өзені және Қиғаш өзені бойынша:

Жұмажанов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары, төраға,

Жұнбасов - Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары,
Мұханбет Мұратбайұлы

Бұқарбаев
Әлібек Рысжанұлы

- Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің Балық
шаруашылығы комитеті Жайық-Каспий
облысаралық балық шаруашылығы
бассейндік инспекциясы бастығының

орынбасары;

көрсетілген құрамдардан Ромашов Юрий Төлегенұлы, Тілеулесова Анар
Иманғазықызы, Боқанов Қармыс Боқанұлы, Сүлейменов Райымбек Асылбекұлы
ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*